

8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Базарбекова Галия Серикбаевнаның
 «Қазақстан Республикасының тұрғындарына пульмонологиялық қызмет көрсетуді жетілдіру»
 тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

№р/н	Өлшемнарттар	Өлшемнарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	Өлшемнарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету) 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертациялық жұмыс денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі кезеңдегі өзекті әрі әлеуметтік маңызы жоғары бағыттарының бірі – тыныс алу жүйесі аурулары кезінде көрсетілетін пульмонологиялық көмектің ұйымдастырылуы мен оның тиімділігін кешенді бағалауға арналған. Зерттеу тақырыбы халық арасында тыныс алу ағзалары ауруларының кең таралуына, олардың еңбекке қабілеттілікке, өмір сүру сапасына және өлім-жітім көрсеткіштеріне әсер етуіне байланысты ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие. Аталған зерттеу қоғамдық денсаулықты сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етуге, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ оларды ерте кезеңдерде анықтау мен уақтылы емдеудің тиімді тетіктерін әзірлеуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері пульмонологиялық қызметтің қазіргі жағдайын жан-жақты талдауға, оның қызметіндегі проблемалық тұстарды анықтауға және оларды шешудің ғылыми негізделген жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді.

			<p>Диссертацияның мазмұны Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың стратегиялық басымдықтарымен толық үндеседі. Атап айтқанда, халық денсаулығын жақсарту, медициналық көмектің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, сондай-ақ денсаулық сақтау ресурстарын ұтымды пайдалану міндеттерін қамтиды. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ұсыныстар пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесін жетілдіруге, басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін оңтайландыруға ғылыми негіз бола алады.</p> <p>Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі заманғы денсаулық сақтау ғылымы мен практикасы үшін өзекті болып табылады және оның нәтижелерін денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде қолданудың жоғары әлеуеті бар.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p><u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u></p>	<p>Диссертациялық зерттеу ғылым саласына маңызды үлес қосады, өйткені жұмыс аясында пульмонологиялық қызметті ұйымдастырудың нәтижелілігі жан-жақты бағаланып, оның құрылымдық, басқарушылық және клиникалық қырлары алғаш рет кешенді түрде зерделенді. Зерттеудің ғылыми құндылығы пульмонологиялық көмектің сапасы мен тиімділігін бағалау барысында әртүрлі ақпарат көздерін (материалдық-техникалық ресурстар, стационарлық қызмет көрсеткіштері, медицина қызметкерлері мен пациенттердің пікірлері) біріктіре отырып, денсаулық сақтау жүйесіне</p>

<p>көпдеңгейлі талдау жүргізуімен сипатталады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері пульмонологиялық қызметтің тиімді қызмет етуіне кедергі келтіретін негізгі жүйелік проблемаларды, атап айтқанда өңірлік қолжетімділіктегі айырмашылықтарды, кадрлық және ұйымдастырушылық қиындықтарды, сондай-ақ алғашқы медициналық-санитариялық көмектің жеткіліксіз деңгейін айқындауға мүмкіндік берді. Аталған мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми тұрғыдан негізделген ұсынымдар әзірленіп, олардың пульмонологиялық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттырудағы маңызы көрсетілді.</p>		
<p>Диссертациялық жұмыстың өзі жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған деп бағалауға болады. Зерттеу материалдарының логикалық құрылымдалуы, ғылыми деректердің дәйекті түрде ұсынылуы, алынған нәтижелердің жан-жақты талдануы және қорытындылардың өзара сабақтастығы ізденушінің зерттеуді дербес жүзеге асырғанын айғақтайды. Жұмыста қолданылған ғылыми әдістердің негізді таңдалуы, алынған мәліметтерді өңдеу мен түсіндіру сапасы, сондай-ақ қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың зерттеу нәтижелерімен үйлесімділігі автордың ғылыми-зерттеу құзыреттерінің жеткілікті дәрежеде қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған аналитикалық материалдардың толықтығы, зерттеу нәтижелерінің жүйелі түрде жинақталуы мен қорытындылануы жұмыстың автор тарапынан өз бетінше орындалғанын</p>	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>3. Өзі жазу принципі</p>

			<p>және ғылыми еңбекті рәсімдеу мен жазудың негізгі қағида-тартарының сақталғанын дәлелдейді.</p>
	<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) Негізделген;</p> <p>2) Ішінара негізделген;</p> <p>3) Негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі жеткілікті деңгейде дәлелденген деп есептеледі. Зерттеу тақырыбы тыныс алу ағзалары ауруларының кең таралуы және олардың халық денсаулығына, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесіне түсіретін салмағының ұлғаюы жағдайында пульмонологиялық көмекті ұйымдастырудың тиімділігін талдауға арналған. Автор тақырыптың маңыздылығын халықаралық және отандық статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, аурушандық деңгейінің өзгеруі, стационарлық қызметтердің жүктемесі, өлім көрсеткіштері мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері арқылы жан-жақты негіздеген. Сонымен қатар, пульмонологиялық көмектің өңірлер арасындағы қолжетімділік айырмашылықтары, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету деңгейіндегі ұйымдастырушылық кемшіліктер және кадрлық ресурстардың жеткіліксіздігі зерттеудің практикалық құндылығын арттыра түседі. Жұмыстың өзектілігі денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін жетілдіру, медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту, сондай-ақ тыныс алу жүйесі ауруларын уақтылы анықтау мен тиімді бақылауды қамтамасыз ету қажеттілігімен тығыз байланысты.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) Айқындайды;</p> <p>2) Ішінара айқындайды;</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық ашып көрсетеді деп бағаланады. Еңбектің құрылымы мен мазмұндық бөлігі пульмонологиялық қызметті ұйымдастырудың</p>

	<p>3) Айқындамайды.</p>	<p>тиімділігін бағалауға қатысты мәселелерді кешенді түрде қарастырып, қойылған тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. Диссертацияның бөлімдері бірізді және өзара сабақтас түрде құрылған: бастапқыда зерттеу мәселесінің өзектілігі мен ғылыми-теориялық алғышарттары баяндалады, одан әрі пульмонологиялық көмектің ресурстық қамтамасыз етілуі, ұйымдастырушылық ерекшеліктері мен клиникалық көрсеткіштері талданады. Зерттеудің қорытынды бөлімінде алынған нәтижелер негізінде тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар ұсынылған. Мұндай құрылым зерттеу материалының логикалық жүйелілігін, ғылыми тұтастығын және диссертация мазмұнының тандалған тақырыпқа толық сәйкес келетінін айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттері жұмыстың тақырыбымен толық үйлеседі және бір-бірімен қисынды түрде байланыстырылған. Зерттеу міндеттері кезең-кезеңімен жүйеленіп, пульмонологиялық көмектің ресурстық әлеуетін бағалауды, стационарлық қызметтің негізгі көрсеткіштерін зерделеуді, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен пациенттердің көзқарастары мен пікірлерін талдауды қамтиды. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінің мазмұны диссертацияның негізгі бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар, жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен жасалған қорытындылар қойылған міндеттердің толық орындалғанын және зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін дәлелдейді.</p>

	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары өзара тығыз байланыста және логикалық тұрғыдан үйлесімді құрылған. Зерттеудің құрылымы кіріспеден бастап қорытынды бөлімге дейін дәйекті сақталып, теориялық тұжырымдар, тәжірибелік зерттеу нәтижелері және қорытындылар арасында сабақтастық қамтамасыз етілген. Жұмыстың әрбір тарауы зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ашуға бағытталған және келесі бөлімдердің мазмұндық негізін қалыптастырады. Нәтижесінде диссертацияның құрылымдық тұтастығы сақталып, қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен ережелердің зерттеу нәтижелерімен өзара сәйкестігі айқын көрінеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген, 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер, тұжырымдамалар мен тәсілдер жан-жақты негізделіп, қолданыстағы теориялық және практикалық әдістермен салыстырмалы түрде бағаланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер отандық және халықаралық ғылыми әдебиеттердің деректерімен салыстырыла отырып талданған. Автор қазіргі уақытта қолданылып жүрген тәсілдердің тиімді және әлсіз жақтарын айқындап, ұсынған ұсыныстары мен шешімдерінің артықшылықтарын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Зерттеу нәтижелеріне жүргізілген кешенді және сыни талдау ұсынылған әдістердің практикалық құндылығын анықтауға, сондай-ақ оларды денсаулық сақтау жүйесінде қолдану мүмкіндіктерін бағалауға негіз болған.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында қол жеткізілген</p>

<p>принципі</p>	<p>жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</p>	<p>ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар жоғары деңгейдегі ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Автор ғылыми әдебиеттерде жеткілікті зерттелмеген бағытқа назар аударып, ауруларды басқару бағдарламаларын жүзеге асыру үдерісіндегі мейіргердің ұйымдастырушылық және үйлестірушілік қызметіне тың ғылыми көзқарас қалыптастырған. Зерттеу аясында ұсынылған тұжырымдар мен ғылыми ережелер осы мәселеге арналған алдыңғы еңбектерде кешенді түрде қарастырылмаған. Алынған нәтижелер зерттеу нысаны бойынша жаңа ғылыми деректерді толықтырып қана қоймай, мейіргерлік қызметтің басқарушылық әлеуетін бағалауға қатысты ғылыми білім қорын кеңейтуге мүмкіндік береді.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған қорытындылар ғылыми жаңалығымен және зерттеу нәтижелерінің бірегейлігімен сипатталады. Зерттеу аясында пульмонологиялық қызметті ұйымдастырудың тиімділігі алғаш рет жан-жақты бағаланып, оның материалдық-ресурстық қамтамасыз етілуі, ұйымдастырушылық ерекшеліктері мен клиникалық нәтижелері кешенді түрде зерделенген. Автор пульмонологиялық көмектің негізгі көрсеткіштерін, өңірлер арасындағы айырмашылықтарды, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен пациенттердің көзқарастарын өзара байланыстыра отырып талдау жүргізген. Нәтижесінде пульмонологиялық қызметтің қазіргі жай-күйіне көпқырлы бағалау беріліп, оның тиімділігіне ықпал ететін негізгі факторларды жаңа</p>	

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>ғылыми тұрғыдан айқындауға мүмкіндік туған.</p> <p>Диссертацияда негізделген басқарушылық және ұйымдастырушылық бағыттағы шешімдер зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып әзірленген және пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесін жетілдіруге арналған жаңа ғылыми-практикалық ұсыныстарды қамтиды. Ұсынылған тәсілдер қызметтің тиімділігін арттыруға, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға, сондай-ақ пульмонологиялық қызметті басқарудың заманауи тетіктерін енгізуге бағытталған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыда қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген/ негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде келтірілген негізгі тұжырымдар жан-жақты жүргізілген сандық және сапалық талдау нәтижелеріне негізделген және әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтермен расталған. Жұмыстың қорытындылары ресми статистикалық ақпараттарға, аналитикалық зерттеу нәтижелеріне және сауалнама барысында жинақталған деректерге сүйене отырып қалыптастырылған. Осыған байланысты диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар жеткілікті дәрежеде негізделген және олардың ғылыми сенімділігі жоғары деп бағаланады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған барлық ғылыми қағидалар мен тұжырымдар жеткілікті деңгейде негізделген деп бағаланады. Зерттеу барысында қалыптастырылған ережелер нақты эмпирикалық мәліметтерге, статистикалық өңдеу нәтижелеріне және жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің деректеріне сүйене отырып тұжырымдалған. Автор пульмонологиялық қызметтің</p>

		<p>дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>тиімділігіне ықпал ететін негізгі факторларды кешенді түрде талдап, оларды стационарлық көмектің көрсеткіштері, өңірлер арасындағы ерекшеліктер, медицина қызметкерлері мен пациенттердің көзқарастары негізінде дәйектеген. Ұсынылған әрбір ғылыми ереже зерттеу барысында алынған нәтижелермен өзара сабақтастырылып, сенімді деректер арқылы расталған. Бұл диссертацияда берілген тұжырымдардың ғылыми негізділігі мен дәлелділігінің жоғары деңгейде екенін көрсетеді.</p>
<p>8.</p>	<p>Сенімділік қағидалары. Берілген дереккөздер мен ақпараттың сенімділігі</p>	<p>8.1 Әдістемені таңдау негізделген немесе әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған</p> <p><u>1) иә;</u> <u>2) жоқ</u></p>	<p>Зерттеу барысында пайдаланылған әдіснамалық тәсілдер жеткілікті деңгейде негізделіп, диссертацияда жан-жақты сипатталған. Жұмыста зерттеудің құрылымы, қолданылған талдау әдістері, бағалау критерийлері мен алынған деректерді өңдеу және түсіндіру жолдары нақты баяндалған. Таңдалған әдістемелік құралдар зерттеу міндеттерін тиімді шешуге және алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қолданылған әдістеме ауруларды басқару бағдарламаларын іске асырудағы мейіргердің рөлі мен қызметін бағалау мақсатына толық сәйкес келеді. Бұл тәсіл зерттеу нысанының ерекшеліктерін жан-жақты зерделеуге және қойылған ғылыми мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге мүмкіндік берген.</p>
		<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды</p>	<p>Зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми-зерттеу әдістері мен ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде алынған. Мәліметтер Excel және SPSS бағдарламалық кешендерінің көмегімен өңделіп,</p>

	<p>пайдалана отырып деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды:</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>олардың негізінде сандық және сапалық талдау жүргізілген. Электрондық форматта жиналған сауалнама, сұхбат және бақылау материалдары статистикалық өңдеуден өткізіліп, нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығы бағаланған. Компьютерлік технологияларды қолдану алынған деректердің дәлдігін арттыруға, талдау сапасын жақсартуға және зерттеу қорытындыларының ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берген. Сонымен қатар, бұл тәсіл мейіргерлік қызметтің тиімді ұйымдастырушылық моделін ғылыми тұрғыдан негіздеуге жағдай жасаған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша оқыту бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында қалыптастырылған теориялық тұжырымдар, ұсынылған үлгілер мен айқындалған өзара байланыстар эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері арқылы негізделіп, өз дәлелін тапқан деп бағаланады. Автор пульмонологиялық қызметтің ұйымдастырылу тиімділігін бағалау кезінде ресми статистикалық мәліметтерді, стационарлық көмегін негізгі көрсеткіштерін, өңірлік ерекшеліктерді, сондай-ақ медицина қызметкерлері мен пациенттер арасында жүргізілген сауалнамалардың қорытындыларын кешенді түрде талдаған. Өртүрлі ақпарат көздерінен алынған деректердің өзара үйлесімділігі мен бірін-бірі толықтыруы зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырып, жасалған теориялық қорытындылардың тәжірибелік тұрғыдан негізді екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдардың</p>

		<p>дәлелділігі мен практикалық маңыздылығын растайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар мен маңызды пайымдаулар заманауи әрі сенімді ғылыми дереккөздерге жасалған сілтемелермен негізделген деп бағаланады. Автор зерттеу тақырыбына сәйкес келетін шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді, клиникалық нұсқаулықтарды, нормативтік құжаттарды және ресми статистикалық материалдарды кең көлемде пайдаланған. Әдебиеттерге шолу бөлімінде тыныс алу жүйесі ауруларының эпидемиологиялық ерекшеліктері, олардың қоғамдық денсаулыққа және денсаулық сақтау жүйесіне ықпалы, сондай-ақ пульмонологиялық көмекті ұйымдастырудың өзекті мәселелері жөніндегі қазіргі ғылыми зерттеулерге жан-жақты талдау жүргізілген. Пайдаланылған әдебиеттер мен ақпарат көздері ғылыми талаптарға сәйкес келеді және зерттеу тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін негіздеуге жеткілікті деңгейде қызмет етеді.</p> <p>Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдебиеттер қоры әдеби шолуды сапалы жүргізуге жеткілікті деңгейде деп бағаланады. Автор зерттеу мәселесіне қатысты отандық және халықаралық ғылыми еңбектерді, клиникалық хаттамалар мен ұсынымдарды, сондай-ақ ресми статистикалық және ақпараттық дереккөздерді жан-жақты қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық аспектілерін толық</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған/ ішінара расталған/расталмаған</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	

			<p>ашуға мүмкіндік береді және зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.</p>
<p>9</p>	<p>Тәжірибелік құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығы жоғары деп бағаланады. Зерттеу аясында пульмонологиялық қызметтің тиімділігін бағалауға арналған кешенді ғылыми көзқарас қалыптастырылып, оның құрылымдық, ұйымдастырушылық және клиникалық құрамдас бөліктері жүйелі түрде сипатталған. Автор тыныс алу жүйесі аурулары кезінде медициналық көмекті ұйымдастыруға ықпал ететін негізгі факторларды анықтап, олардың өзара әрекеттестігі мен байланысын түсіндіретін теориялық қағидалар мен ғылыми тұжырымдарды негіздеген. Зерттеу нәтижелері пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру саласындағы ғылыми білімді толықтырып, осы бағыттағы теориялық-әдіснамалық негіздерді жетілдіруге үлес қосады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың практикалық құндылығы жоғары деп бағаланады және алынған нәтижелерді денсаулық сақтау саласының тәжірибелік қызметіне енгізу мүмкіндігі зор. Зерттеу барысында пульмонологиялық көмектің тиімді ұйымдастырылуына ықпал ететін негізгі факторлар анықталып, қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсынымдар әзірленген.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған тәжірибелік сипаттағы ұсыныстар ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Автор пульмонологиялық қызметтің</p>

		3) жаңа емес (25%-дан азы жаңа)	<p>қазіргі жай-күйін кешенді бағалау нәтижесінде анықталған ұйымдастырушылық, ресурстық және жүйелік мәселелерді ескере отырып, оларды шешуге бағытталған мақсатты әрі негізделген ұсыныстар ұсынған. Бұл ұсынымдар пульмонологиялық көмекті ұйымдастыру жүйесін жетілдіруге және оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.</p>
10.	<p>Жазу және рәсімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу деңгейі жоғары деп бағаланады, ғылыми стиль мен терминологиялық талаптар толық сақталған. Зерттеу материалы ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес жүйеленіп, мазмұны логикалық тұрғыдан бірізді құрылымдалған. Жұмыстың мәтіні ғылыми баяндау қағидаларына сай рәсімделген, ал оның құрылымы мен мазмұны академиялық стандарттардың талаптарына толық сәйкес келеді.</p>
11.	<p>Диссертацияға ескертулер</p>		<p>Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық және әдіснамалық деңгейде орындалған деп бағаланады. Сонымен қатар, жұмыстың құндылығын төмендетпейтін жекелеген ескертулер мен ұсынымдар бар. Атап айтқанда, медициналық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мәселесі зерттеуде көрініс тапқанымен, үздіксіз кәсіби білім беру мен біліктілікті арттыру жүйесін іске асырудың нақты ұйымдастырушылық тетіктері кеңірек талданса, жұмыстың практикалық маңыздылығы одан әрі арта түсер еді.</p>

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Ұсынылған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалған және 8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ресми қорғауға ұсынуға болады.</p>

Рецензент:

PhD, қауымдастырылған профессор, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Академиялық және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры



Даулеткалиева Жания Абаевна



Қолын растаймын: